

Жеке тұлғаларға арналған Банктік салым шарттарының үлгі (шамалас) талаптары / Типовые (примерные) условия к Договорам банковских вкладов для физических лиц

Жеке тұлғаларға арналған банктік салым шарттарына белгіленген осы Үлгі (шамалас) талаптар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 388-бабында көзделген тәртіппен бұдан әрі бірігіп «Талаптар» деп аталатын жеке тұлға Салымшы мен «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың, оның филиалдары мен құрылымдық бөлімшелерінің (бұдан әрі – Банк) арасындағы **Жеке тұлғаларға арналған салым шарттарын** (бұдан әрі өз алдына жеке «Шарт» деп аталады) жасасуға және орындауға байланысты қарым-қатынасты реттейді және жинақ шоттарын ашу, жүргізу және жабу операцияларын жүргізу бойынша стандарт қағидалар мен тәртіпті (бұдан әрі мәтін бойынша – Үлгі (шамалас) талаптар) белгілейді.

1. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1.1. Банк пен Салымшы Шарт жасасқанға дейін Банк осы Үлгі (шамалас) талаптарда көзделген қандай да бір міндеттемені қабылдамайды.

1.2. Осы Үлгі (шамалас) талаптардың қағидалары стандарттық үлгіде белгіленген және Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және Шарттың негізінде ашылған барлық жинақ шоттарына (бұдан әрі мәтін бойынша барлығы бірге немесе жеке-дара Шот деп аталады) қолданылады.

1.3. Қол қойылған Шарттың негізінде Банк салымды қабылдайды, Салымшыға Шот ашады және Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ Банктің ішкі процедураларында және басқа да нормативтік құжаттарында көзделген операцияларды орындайды.

1.4. Ашылатын Шоттың нөмірі, сомасы, валютасы, салым мерзімі, сыйақы мөлшерлемесі, салым бойынша төмендетуге болмайтын ең кіші қалдық сомасы, сыйақы есептеу талаптары, соның ішінде Шартты мерзімінен бұрын бұзған кездегі сыйақы есептеу талаптары Шартта көрсетіледі.

1.5. Қазақстан Республикасының заңнамасына, сонымен қатар Банктің ішкі процедуралары мен өзге нормативтік құжаттарына сәйкес қажетті құжаттарды ұсыну талабымен салымды енгізуді, Шотты (шоттарды) ашуды Салымшының өзі, сондай-ақ үшінші тұлға (бұдан әрі мәтін бойынша – Енгізуші) жүзеге асыруы мүмкін.

Настоящие Типовые (примерные) условия к **Договорам банковских вкладов для физических лиц**, в порядке предусмотренном статьей 388 Гражданского кодекса Республики Казахстан, регулируют отношения между Вкладчиком – физическим лицом и АО «Банк ЦентрКредит», в лице его филиалов и их структурных подразделений (далее по тексту – Банк), совместно в дальнейшем именуемые «Стороны», связанные с заключением и исполнением **Договоров банковских вкладов для физических лиц** (далее в отдельности именуемые - Договор) и определяют стандартные положения и порядок осуществления операций по открытию, ведению и закрытию сберегательных счетов (далее по тексту – Типовые (примерные) условия)

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. Банк не несет каких-либо обязательств, предусмотренных настоящими Типовыми (примерными) условиями, до заключения Банком и Вкладчиком Договора.

1.2. Положения настоящих Типовых (примерных) условий определены в стандартной форме и являются неотъемлемой частью Договора и распространяются на все сберегательные счета, открытые на основании Договора (далее по тексту все или в отдельности именуемые – Счет).

1.3. На основании подписанного Договора, Банк принимает вклад, открывает Вкладчику Счет и выполняет операции, предусмотренные законодательством Республики Казахстан, а также внутренними процедурами и иными нормативными документами Банка.

1.4. Номер открываемого Счета, сумма, валюта, срок вклада, ставки вознаграждения, сумма минимального неснижаемого остатка по вкладу, условия начисления вознаграждения, в том числе при досрочном расторжении Договора указываются в Договоре.

1.5. Вклад может быть внесен, а Счет (-а) открыт как Вкладчиком, так и третьим лицом (далее по тексту – Вноситель), при условии предоставления необходимых документов согласно законодательству Республики Казахстан, а также внутренних процедур и иных нормативных документов Банка.

1.6. Салым:

1.6.1. қолма-қол ақшасыз енгізілуі мүмкін, салымды енгізу үшін Салымшы/Енгізуші Салымшының Банкте ашылған ағымдағы шотында Шартта көрсетілген соманың болуын қамтамасыз етеді. Банк Өтініштің және Шарттың негізінде Салым сомасын ағымдағы шоттан есептен шығарады (Салымшының қосымша келісімін алмай-ақ тікелей дебеттеу арқылы) және соманы Салымға аударады. Салым сомасы Салым енгізілген күні Банктің ішкі құжаттарында белгіленген сомадан төмен болмауы тиіс.

1.6.2. Қолма-қол ақшамен енгізілуі мүмкін, Салымды енгізу үшін Салымшы / Енгізуші Шартта көрсетілген соманы кассаға қолма-қол енгізеді. Егер Салымға енгізілетін сома Шартта көрсетілген сомадан аз немесе көп болатын болса немесе Шартқа қол қойылған күннен кеш түсетін болса, онда Салымға ақша салынбайды және Шарт жасалмаған болып есептеледі.

1.6.3. түсім күтілуде режимінде енгізілуі мүмкін, Салымды енгізу үшін Салымшы / Енгізуші Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Шартқа сәйкес салым сомасын Салымға аударуды қамтамасыз етеді. Егер Салымға енгізу үшін аударылған сома Шартта көрсетілген сомадан аз немесе көп болатын болса немесе 5 (бес) күнтізбелік күннен кеш түсетін болса, онда Салымға ақша салынбайды және Шарт жасалмаған болып есептеледі.

1.7. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Салым депозиттерге міндетті кепілдік беру объектісі болып табылады. Қазақстан Республикасының депозиттерге кепілдік беру туралы заңнамасы өзгерген жағдайда, мұндай өзгерістер заңдық күшіне енген сәттен бастап салымға қолданылады.

1.8. Сыйақы есептеу бір жылда 365 күн/бір айдағы күнтізбелік күндердің нақты саны негізінде ай сайын жүргізіледі.

1.6. Вклад может быть внесен:

1.6.1. безналичным путем, для внесения Вклада Вкладчик/Вноситель обеспечивает на текущем счете Вкладчика, открытом в Банке, сумму Вклада, указанную в Договоре. Банк на основании Заявления и Договора списывает сумму Вклада с текущего счета (путем прямого дебетования, без получения дополнительного согласия на это Вкладчика) и зачисляет сумму на Вклад. Сумма Вклада не может быть меньше суммы, установленной внутренними документами Банка на дату внесения Вклада;

1.6.2. наличными деньгами, для внесения Вклада, Вкладчик/Вноситель вносит в кассу наличными сумму денег, отраженную в Договоре. Если сумма для зачисления на Вклад окажется меньше или больше суммы, указанной в Договоре, или поступит позднее дня подписания Договора, то зачисление денег на Вклад не производится и Договор считается незаключенным;

1.6.3. в режиме ожидает поступления, для внесения Вклада Вкладчик/Вноситель обеспечивает в течение 5 (пяти) календарных дней со дня подписания Договора перевод на Вклад суммы Вклада согласно Договору. Если сумма перевода для зачисления на Вклад окажется меньше или больше суммы, указанной в Договоре на открытие Вклада, или поступит позднее 5 (пяти) календарных дней, то зачисление денег на Вклад не производится и Договор считается незаключенным.

1.7. Вклад является объектом обязательного гарантирования депозитов в соответствии с законодательством Республики Казахстан. При изменении законодательства Республики Казахстан о гарантировании депозитов, такие изменения распространяются на вклад с момента вступления их в законную силу.

1.8. Начисление вознаграждения производится ежемесячно на основе базы 365 дней в году /фактические календарные дни месяца.

1.9. Егер салым Шарттың қолданыс мерзімі аяқталған кезде талап етілмеген болса, онда Шарттың мерзімі:

13 айға дейінгі (қоса есептегенде) мерзімге орналастырылған салымдар бойынша ең көбі 3 рет автоматты түрде ұзартылады;

14 айдан 24 айға дейінгі (қоса есептегенде) мерзімге орналастырылған салымдар бойынша ең көбі 2 рет автоматты түрде ұзартылады;

24 айдан жоғары мерзімге орналастырылған салымдар бойынша ең көбі 1 рет автоматты түрде ұзартылады.

Салым сомасы осы Шотта қалады, сыйақы шарт мерзімі ұзартылатын сәтте аталған депозит үшін Банкте қолданыста болған мөлшерлеме бойынша есептеледі.

Соңғы рет ұзарту мерзімі 01.01.2019 ж. аяқталатын салымдар бойынша ақша осы Шотта қалады және оған сыйақы есептелмейді.

Соңғы рет ұзарту мерзімі 01.01.2019ж. басталатын салымдар бойынша Банк «0%» сыйақы мөлшерлемесімен салымның мерзімін ұзартуды жалғастырады (Осы талаптар «Талап еткенге дейінгі», «Рақмет» және «Рақмет+» салымдарына қатысты қолданылмайды).

«Рақмет» және «Рақмет+» салымдары бойынша мерзімі соңғы рет ұзартылғаннан кейін ақша автоматты түрде Клиенттің өтініште көрсетілген ағымдағы шотына аударылады.

1.10. Салымшының бастамасымен Салым мерзімінен бұрын талап етілген / Банк салымды мерзімінен бұрын қайтарған / Салымшының келісімін талап етпейтін үшінші тұлғалардың тапсырмасы бойынша Салым алынған жағдайда немесе Банктің тарифтеріне сәйкес ақша аударымын пысықтау үшін алынатын комиссия мөлшерін қосқанда төмендетуге болмайтын қалдық сомасы азайтылған жағдайда, Салымның мерзімі ұзартылғаннан кейінгі жағдайларды қосқанда, Шартта белгіленген мерзім ішінде Шоттан ақша қаражаты ішінара алынған кезде Салымның талаптары бұзылған болып есептеледі және Шарттың қолданыс мерзімі тоқтатылады.

Бұл кезде Шарттың қолданыс мерзімі аяқталғаннан кейін Шотта ақша болмаған жағдайда, Шарттың мерзімі ұзартылмайды және Шарт автоматты түрде жабылады. Шотта қалдық ақша болған кезде, Шарт бұзылған болып есептеледі және Банк «0%» сыйақы мөлшерлемесімен салымның мерзімін ұзартуды жалғастырады.

2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Банктің міндеттері:

2.1.1. Осы Үлгі (шамалас) талаптардың қағидаларына және осы Шарттың талаптарына сәйкес салымды пайдаланғаны үшін сыйақы сомасын есептеу;

1.9. Если вклад не востребован по истечении срока действия Договора, то Договор продлевается:

по вкладам со сроком размещения до 13 месяцев (включительно) автоматическая пролонгация не более 3 – х раз;

по вкладам со сроком размещения от 14 месяцев до 24 месяцев (включительно) автоматическая пролонгация не более 2 – х раз

по вкладам со сроком размещения свыше 24 месяцев автоматическая пролонгация не более 1 – го раза.

Сумма вклада остается на этом же Счете, начисление вознаграждения будет осуществляться по ставке, действующей в Банке для данного вида депозита на момент продления.

По вкладам срок последней пролонгации которых завершается до 01.01.2019 г., деньги остаются на том же Счете и начисление вознаграждения производиться не будет.

По вкладам срок последней пролонгации которых наступает с 01.01.2019 г., Банк продолжает пролонгацию вклада по ставке вознаграждения «0%» (Указанные условия не распространяются на вклады «До востребования», «Рахмет» и «Рахмет+»).

По вкладам «Рахмет» и «Рахмет+» после последней пролонгации деньги автоматический переводятся на текущий счет клиента, указанный в Заявлении.

1.10. В случае досрочного истребования Вклада по инициативе Вкладчика/возврата Вклада Банком/ изъятия Вклада по указаниям третьих лиц, не требующим согласия Вкладчика, либо уменьшения суммы неснижаемого остатка, включая размер комиссии за обработку перевода, согласно тарифам Банка, при частичном изъятии денег со Счета в течение установленного Договором срока, включая случаи после пролонгации срока Вклада, условия Вклада считаются нарушенными, и Договор прекращает свое действие.

При этом, в случае отсутствия денег на Счете по истечении срока Договора, пролонгация Договора не осуществляется и Договор автоматически закрывается. При наличии остатка на Счете, Договор считается нарушенным и Банк продолжает пролонгацию Вклада по ставке вознаграждения 0%.

2. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН ПО ДОГОВОРУ

2.1. Банк обязуется:

2.1.1. производить начисление суммы вознаграждения за пользование вкладом в соответствии с положениями настоящих Типовых (примерных) условий и условиями Договора;

2.1.2. Салымшы Шотты жапқан кезде Салымшыға:
- салым сомасын қайтару;
- Шарттың талаптарына және осы Үлгі (шамалас) талаптарға сәйкес есептелген сыйақыны қайтару;

2.1.3. Салымшының Шот бойынша жасаған операцияларына және осы Шоттың жай-күйіне қатысты құпияны сақтау, олар бойынша мәліметтерді үшінші тұлғаларға тек Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда ғана беру;

2.1.4. Салымшыға оның Шотының жай-күйі туралы ақпарат беру.

2.1.5. Жөнелтуші рұқсат етілмеген төлем құжаты туралы Банкке уақытылы хабарласа және жөнелтуші рұқсат етілмеген төлем жасаған жағдайда, жөнелтушінің осы төлем құжатын орындауға байланысты нақты шығындарын өздері арасында жасалған шартта белгіленген тәртіппен өтеу.

2.1.6. Жөнелтушіден рұқсат етілмеген төлем туралы хабарлама алғаннан кейін келесі операциялық күннен кешіктірмей бенефициарға немесе бенефициардың банкіне Банк бекіткен нысанда рұқсат етілмеген төлем бойынша ақшаны қайтару туралы хабарлама жіберу.

2.2. Банктің құқықтары:

2.2.1. Салымшыдан Шот ашу үшін және ол бойынша операциялар жасау үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты талап ету;

2.1.2. при закрытии Счета вернуть Вкладчику:
- сумму вклада;
- начисленное вознаграждение в соответствии с условиями Договора и настоящими Типовыми (примерными) условиями;

2.1.3. сохранять тайну операций Вкладчика по Счету и в отношении состояния этого Счета, предоставлять сведения по ним третьим лицам только в случаях, предусмотренных действующим законодательством Республики Казахстан;

2.1.4. предоставлять Вкладчику информацию о состоянии его Счета;

2.1.5. если Банк был своевременно извещен отправителем о несанкционированном платежном документе и в случае осуществления им несанкционированного платежа возместить отправителю фактические убытки, связанные с исполнением данного платежного документа, в порядке, определенном договором между ними.

2.1.6. не позднее следующего операционного дня после получения от отправителя сообщения о несанкционированном платеже направить бенефициару либо в банк бенефициара уведомление о возврате денег по несанкционированному платежу по установленной Банком форме.

2.2. Банк имеет право:

2.2.1 затребовать от Вкладчика документы и информацию, необходимые для открытия Счета и проведения операций по нему;

2.2.2. банктік шотты тікелей дебеттеу арқылы:

- қате есептелген соманы Шоттан есептен шығару;
- салым сомасынан артық төленген/шоғырландырылған сыйақы сомасын алып отыру;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе осы Үлгі (шамалас) талаптарда және Шартта көзделген жағдайларда, басқа да сомаларды есептен шығару.

2.2.3. Осы арқылы Салымшы Банктің алдын ала хабарламай және Салымшының қосымша келісімінсіз оның Шотын және Банкте ашылған басқа шоттарын тікелей дебеттеу арқылы, осы шоттарда ақша қаражаттары болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда, Салымшының Қазақстан Республикасының аумағындағы немесе одан тыс жерлердегі кез келген басқа банктерде (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда) ашылған кез келген шоттарына Қазақстан Республикасының немесе сәйкес шетел мемлекетінің заңнамасында осындай төлем құжатына Салымшының қосымша акцептісін талап етпейтін төлем құжатын ұсынуға рұқсат етілген жағдайда, ҚР заңнамасында көзделген төлем құжаттарын ұсыну арқылы Банк алдындағы берешек мөлшерінде Салымшының кез келген шотынан кез келген валютамен ақша сомасын акцептісіз тәртіппен алуына (есептен шығаруына) құқылы екеніне келіседі.

2.2.4. уәкілетті органның Шоттағы ақшаға тыйым салу туралы немесе Шотты пайдалануға шектеу қою туралы шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен Шот бойынша сәйкес операцияларды жүргізуді уақытша тоқтату;

2.2.5. Банк уәкілетті органның Шоттағы ақшаға тыйым салу немесе Шотты пайдалануға шектеу қою туралы шешімнің (қаулының) күшін жою туралы заңдық күшіне енген сәйкес құжатын алғаннан кейін Шот бойынша операция жүргізуді қайта бастау;

2.2.2. прямым дебетованием банковского счета:

- списывать со Счета ошибочно зачисленную сумму;
- списывать из суммы вклада излишне выплаченную/ капитализированную сумму вознаграждения;
- списывать иные суммы, в случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан или настоящими Типовыми (примерными) условиями и Договором;

2.2.3. Настоящим Вкладчик дает свое согласие, что Банк вправе без предварительного уведомления и дополнительного согласия Вкладчика в безакцептном порядке путем прямого дебетования его Счета или других банковских счетов открытых в Банке, в случае отсутствия денег на них либо их не достаточности, путем предъявления платежных документов, предусмотренных законодательством РК, к любым банковским счетам Вкладчика, открытым в любых других банках (организациях, осуществляющих отдельные виды банковских операций) на территории Республики Казахстан и за ее пределами, в случаях, когда законодательством Республики Казахстан или соответствующего иностранного государства допускается предъявление платежных документов, не требующих дополнительного акцепта Вкладчика к такому платежному документу, изымать (списывать) в любой валюте суммы денег с любых счетов Вкладчика, в размере имеющейся задолженности перед Банком.

2.2.4. в соответствии с решением уполномоченного органа о наложении ареста на деньги на Счете либо наложения ограничения на пользование Счетом, приостановить проведение соответствующих операций по Счету в порядке, предусмотренном действующим законодательством Республики Казахстан;

2.2.5. возобновить операции по Счету после получения Банком соответствующего документа уполномоченного органа, вступившего в законную силу, об отмене решения (постановления) о наложении ареста на деньги на Счете либо о наложении ограничения на пользование Счетом;

2.2.6. Банктің уәкілетті органы сәйкес шешім қабылдаған кезде, Шартта көзделген тәртіппен Шарттың талаптарына, әсіресе төмендетуге болмайтын ең кіші қалдық сомасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, қосымша жарнаның ең көп, ең кіші сомасы, қосымша жарнаның ең көп сомасы, Салымның ең көп сомасы бойынша шектеулер белгілеу, Банк үшін жақсарту жағына қарай тарифтерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу және енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды есепке ала отырып, Шартты / Тарифтерді Банктің www.bcc.kz мекенжайы бойынша интернет ресурсына орналастыру және Банктің операциялық залдарында хабарландыру ілу арқылы ол жөнінде Салымшыға хабарлау.

Осы арқылы Тараптар Шарттың талаптарының / Банктің қызметі үшін белгіленген тарифтердің ұлғаю жағына қарай өзгертілуі және/немесе шектеусіз толықтырылуы мүмкін екеніне келіседі.

2.2.7. Келесі жағдайда:

- Шотта бір жылдан асатын уақыт ішінде ақша болмаған кезде, Шотқа қатысты орындалмаған талаптардың болуына қарамастан, Салымшының Шотты жабу туралы өтінішін алмай-ақ шотты жабу.

2.2.8. Шотта бір жылдан асатын уақыт ішінде ақша болмаған жағдайда, Банк Шартты бұзуға құқылы, бұл кезде Банк Шартты бұзу туралы хабарламаны АТМ-ге, АТТ-ға, Starbanking мобильді қосымшасына орналастырады, сонымен қатар Шартты бұзу болжанған күннен 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын Салымшыға SMS-хабарлама, push-хабарлама, оның электрондық поштасына хабарлама жолдайды. Шотта ақша болмаған және хабарламада көрсетілген мерзім аяқталған кезде, Банк Шартты бұзып, Шотты (шоттарды) жабады.

Бұл хабарлама Салымшыға хабарлау үшін жеткілікті және тиісті дәрежеде жасалған болып танылады және Шартқа қол қоя отырып, Салымшы оған келісетінін растайды.

Шотта ақша қозғалысы болмаған кезде және хабарламада көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін, Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талаптарға және шарттарға сәйкес ақша қалдығын нотариустың депозитіне аудару арқылы Шартты бұзып, Шотты жабады.

2.2.9. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Салым бойынша төленетін сыйақыға төлем көзінен салық салынатын болса, Банк Салымшыға сыйақы төлеген кезде кейін бюджетке аудару мақсатында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес төлем көзінен жеке табыс салығының сомасын ұстап қалады.

2.3. Салымшының міндеттері:

2.3.1. Шот ашу және ол бойынша операция жүргізу үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды Банкке беру;

2.2.6. в одностороннем порядке вносить изменения и дополнения в условия Договора в порядке, предусмотренном Договором, в частности, сумму минимального неснижаемого остатка, устанавливать ограничения по минимальной, максимальной сумме дополнительного взноса, максимальной сумме Вклада, в Тарифы в сторону их улучшения для Банка при принятии уполномоченным органом Банка соответствующего решения, и уведомлять об этом Вкладчика путем размещения Договора/Тарифов с учетом внесенных изменений и дополнений на интернет – ресурсе по адресу www.bcc.kz и через объявления в операционных залах Банка.

Настоящим стороны согласились, что условия Договора/Тарифы за услуги Банка могут быть изменены в сторону увеличения и/или дополнения неограниченное количество раз.

2.2.7. Закрыть Счет без заявления Вкладчика на закрытие Счета независимо от наличия неисполненных требований к Счету:

- при отсутствии денег на Счете более одного года.

2.2.8. В случае отсутствия денег на Счете более одного года, Банк вправе расторгнуть Договор, при этом уведомление о расторжении Договора размещается Банком на АТМ, ИПТ, в мобильном приложении, в Starbanking, а также путем направления SMS-уведомления, push-уведомления, уведомления на электронную почту Вкладчика за 15 (пятнадцать) календарных дней до предполагаемой даты расторжения Договора. При отсутствии денег на Счете и при истечении срока, указанного в уведомлении, Банк расторгает Договор и закрывает Счет (-а).

Данное уведомление является достаточным и надлежащим для оповещения Вкладчика и подписанием Договора Вкладчик подтверждает свое согласие с ним.

При отсутствии движения денег на Счете и по истечении срока, указанного в уведомлении, Банк расторгает Договор и закрывает Счет, путем перечисления остатка денег на депозит нотариуса в соответствии с требованиями и условиями, предусмотренными законодательством Республики Казахстан.

2.2.9. В случае, если согласно законодательству Республики Казахстан выплачиваемое вознаграждение по Вкладу подлежит налогообложению у источника выплаты, Банк при выплате вознаграждения Вкладчику удерживает сумму индивидуального подоходного налога у источника выплаты в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан с целью дальнейшего перечисления в бюджет.

2.3. Вкладчик обязуется:

2.3.1. предоставить в Банк документы и информацию, необходимые для открытия Счета и проведения операций по нему;

2.3.2. Шарт жасалған күні салым сомасын Шотқа қолма-қол ақшамен салу (аудару). Салымшы салым сомасын Шотқа уақытылы салмаған (аудармаған) жағдайда, Шарт жасалмаған деп есептеледі;

2.3.3. Банкке:

- тұратын мекенжайы, байланыс телефоны өзгерген, жеке тұлғасын куәландыратын құжаттарын, осы Шарттың өзіндегі данасының түпнұсқасын жоғалтып, ұрлатып алған;

- тегі (аты), жеке тұлғасын куәландыратын құжаттары өзгерген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осындай өзгерістерді растайтын құжаттардың түпнұсқаларын бере отырып, барлық болған жағдайлар туралы жазбаша хабарлау.

2.3.4. Қызмет көрсетілген күнге Банктің уәкілетті органы бекіткен тарифтер бойынша Банк көрсеткен қызметтерге төлем жасау;

2.3.5. өз бетімен:

- сыйақы мөлшерлемелерінің;

- Банк тарифтерінің;

- үлгі (шамалас) талаптардың өзгеруі туралы құрылымдық бөлімшелерден немесе Банктің анықтама қызметінің телефондары бойынша, сондай-ақ www.bcc.kz мекенжайы бойынша интернет-ресурстан білу;

2.3.6. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шот бойынша операцияларды жүргізу.

2.3.7. Төлем құжатының дұрыс орындалуын анықтау және рұқсат етілмеген төлем құжаты орындалған жағдайда, оны байқағаннан кейін бір операциялық күн ішінде, бірақ осындай төлем жүргізілген сәттен бастап есептелетін талап қою мерзімі шегінде банкке хабарлау.

2.3.8. Арналар арқылы Банктен уақытылы хабарлама алу мақсатында Салымшының шартты бұзу туралы хабарламасын уақытылы алу үшін банктің арналарын пайдалану және Шотта бір жылдан асатын уақыт ішінде ақшаның болмауы мерзімдерін өз бетінше тексеру.

Осы арқылы Салымшы клиентті сәйкестендіру нөмірін (клиенттің атауы, өнімнің түрі) енгізген кезде, ақпаратты арналарға орналастыруға келісім береді және осы тармақшаға сәйкес ашық байланыс арналары арқылы Банк жолдайтын ақпаратты үшінші тұлғалардың алу тәуекелін түсінетінін растайды және осындай тәуекелді өзіне қабылдайды.

2.4. Салымшының құқықтары:

2.4.1. Осы Үлгі (шамалас) талаптардың және Шарттың талаптары бойынша кез келген уақытта салымның барлық сомасын және есептелген сыйақыны талап ету, бұл кезде Шарт бұзылған деп есептеледі.

2.3.2. внести наличными (перечислить) сумму вклада на Счет в день заключения Договора. В случае если Вкладчик своевременно не внес (перечислил) сумму вклада на Счет, то Договор считается не заключенным;

2.3.3. уведомить Банк в письменном виде обо всех случаях в течение 5 (пяти) рабочих дней с момента:

- изменения адреса проживания, контактного телефона, утери, хищений документов, удостоверяющих личность, оригинала собственного экземпляра Договора;

- изменения фамилии (имени), документов, удостоверяющих личность, с предоставлением подлинников документов, подтверждающие такие изменения;

2.3.4. оплачивать услуги Банка по тарифам, утвержденным уполномоченным органом Банка, на дату оказания услуги;

2.3.5. самостоятельно узнавать об изменениях:

- ставок вознаграждения;

- тарифов Банка;

- Типовых (примерных) условий

в структурных подразделениях или по телефонам справочной службы Банка, а также на интернет-ресурсе по адресу www.bcc.kz;

2.3.6. производить операции по Счету в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан;

2.3.7. определять правильность исполнения платежного документа и, в случае исполнения несанкционированного платежного документа, сообщить Банку об этом в течение одного операционного дня после его обнаружения, но в пределах срока исковой давности, который исчисляется с момента проведения такого платежа.

2.3.8. пользоваться каналами банка для получения своевременного уведомления Вкладчика о расторжении договора и самостоятельно отслеживать сроки отсутствия денег на счете более одного года в целях своевременного получения уведомления от Банка по каналам.

Настоящим Вкладчик дает свое согласие на размещение информации в каналах при вводе идентификационного номера клиента (наименование клиента, тип продукта) и подтверждает, что осознает риск получения третьими лицами информации, направляемой Банком по открытым каналам связи, в соответствии с настоящим подпунктом, и принимает на себя такой риск.

2.4. Вкладчик вправе:

2.4.1. в любое время на условиях настоящих Типовых (примерных) условий и Договора востребовать всю сумму вклада и начисленного вознаграждения при этом Договор будет считаться расторгнутым;

2.4.2. Үшінші тұлғалардың салымды басқаруына сенімхат беру, сондай-ақ салымға қатысты өсиетхат ресімдеу;

2.4.3. алғашқы талап бойынша Банктен өз Шотының жай-күйі туралы ақпарат (жазбаша үзінді) алу.

3. СЕНІМХАТТЫҢ НЕГІЗІНДЕ ШОТ БОЙЫНША ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУ

3.1. Банк сенімхат бойынша операцияларды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Банктің ішкі процедураларына сәйкес жүзеге асырады.

3.2. Сенімхат бойынша операцияларды жүргізу Шот ашқан бөлімшеде жүзеге асырылады.

3.3. Салымшының міндеттері:

3.3.1. Банкке сенімхаттың нотариатты расталған көшірмесін бере отырып, 1 (бір) жұмыс күні ішінде Шоттағы ақшаны басқаруға сенімхат берілгені жөнінде Банкке өзі хабарлау және оның берілгенін Банктің ішкі құжаттарына тіркеу;

3.3.2. Сенімхат негізінде Шотты басқаруға уәкілетті тұлғалар өзгерген кезде немесе сәйкес сенімхат өзгертіліп немесе оның күші жойылып, уәкілетті тұлғалардың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтаған кезде, осындай өзгерістерді сәйкес нотариус растаған құжаттардың түпнұсқаларын тапсыра отырып, 1 (бір) жұмыс күні ішінде бұл жөнінде Банкке жеке өзі хабар беру;

3.4. Салымшы Банкке:

- сенімхат Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына сәйкес ресімделмеген жағдайда;

- Салымшы 3.3.1, 3.3.2.-тармақтардың талаптарын орындамаған кезде;

- сенімхатта Шоттың (Шоттардың) нөмір(-лері) дұрыс көрсетілмеген жағдайда;

- Салымшының сенімхаттағы қолы Банктегі қол қою үлгілері көрсетілген құжаттардағы қолмен сәйкес келмегенде;

- сенімді тұлға сұраған сома осы Үлгі (шамалас) талаптардың 3.5.2.-тармағында көрсетілген сомадан артық болған жағдайда;

- сенімді тұлға сенімхаттың түпнұсқасын бермеген жағдайда, сенімді тұлғаның Шот бойынша операциялар жүргізуінен бас тартуға құқық береді.

3.5. Осы Шартқа қол қоя отырып, Салымшы Банкке келесі құқықтарды береді:

3.5.1. Салымшыдан сенімхаттың берілгені туралы растауды алғанын қосқанда, Салымшының сенімхатты бергенін немесе оның күшін жойғанын анықтау іс-шараларын жүргізу, сондай-ақ сенімді тұлға сенімхатты Банкке көрсеткен сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Шот бойынша операцияларды жүзеге асырмау;

2.4.2. выдать доверенность на распоряжение вкладом третьим лицам, а также оформить в отношении вклада завещание;

2.4.3. получать от Банка информацию о состоянии своего Счета (выписка) по первому требованию.

3. ОСУЩЕСТВЛЕНИЕ ОПЕРАЦИЙ ПО СЧЕТУ НА ОСНОВАНИИ ДОВЕРЕННОСТИ.

3.1. Проведение операций Банком по доверенности осуществляется в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан и внутренними процедурами Банка.

3.2. Проведение операций по доверенности осуществляются в том подразделении, где открыт Счет.

3.3. Вкладчик обязуется:

3.3.1. лично уведомить Банк о факте выдачи доверенности на распоряжение деньгами на Счете, в течение 1 (одного) рабочего дня, путем предоставления Банку нотариально заверенной копии и зарегистрировать её предоставление во внутренних документах Банка;

3.3.2. лично уведомить Банк при замене лиц, уполномоченных распоряжаться Счетом на основании доверенности, либо досрочном прекращении их полномочий, в котором соответствующая доверенность была изменена либо отменена, в течение 1 (одного) рабочего дня, путем предоставления оригинала документа, подтверждающего такие изменения или отмену, заверенного соответствующим нотариусом.

3.4. Вкладчик предоставляет Банку право отказать в проведении операций по Счету доверенным лицом в случаях если:

- доверенность не была оформлена в соответствии с нормами действующего законодательства Республики Казахстан;

- Вкладчик не исполнил условие п. 3.3.1, 3.3.2.;

- в доверенности неверно указан (-ы) номер (-а) Счета (-ов);

- в доверенности подпись Вкладчика не соответствует документу с образцами подписей, находящегося в Банке;

- запрашиваемая доверенным лицом сумма превышает сумму, указанную в п. 3.5.2. настоящих Типовых (примерных) условий;

- доверенным лицом не был предоставлен оригинал доверенности.

3.5. Подписанием Договора Вкладчик предоставляет Банку право:

3.5.1. проводить мероприятия по выяснению факта выдачи или отмены Вкладчиком доверенности, включая получение от Вкладчика подтверждения о выдаче доверенности, а также не осуществлять операции по Счету в течение 3 (трех) рабочих дней с момента предъявления в Банк доверенности доверенным лицом;

3.5.2. Сенімді тұлғаға эквиваленті 700 000 (жеті жүз мың) теңгеден асатын соманы бір жұмыс күні ішінде қолма-қол/қолма-қолсыз тәсілмен бермеу. Жоғарыда көрсетілген соманың мөлшерінен асатын ақша Банктің келесі жұмыс күнінен ерте берілмейді.

3.6. Салымшы Шоттағы ақшаны басқару өкілеттігін үшінші тұлғаларға бергені үшін жауап береді, бұл кезде Банк салымшының сенімді тұлғасының әрекеттеріне, сондай-ақ Салымшы осы Үлгі (шамалас) талаптардың 3.3.1., 3.3.2.-тармақтарының талаптарын орындамаған жағдайлар үшін жауап бермейді.

3.7. Салымшы қайтыс болған және бұл факт туралы Банк хабарсыз болған жағдайда, Салымшының уәкілетті өкіліне Шоттан сенімхат бойынша ақша сомасы берілгені үшін Банк жауап бермейді.

4. ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАР ЖӘНЕ ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

4.1. Келесі жағдайларда:

- Салымшының сыйақы мөлшерлемесінің, Банк тарифтерінің және үлгі (шамалас) талаптардың өзгергені туралы хабардар болмағаны үшін;
- Салымшы осы Үлгі (шамалас) талаптардың 2.3.3.-тармақшасында көрсетілген жағдайлардың орнағанын Банкке дер кезінде жазбаша хабарламаған жағдайда;

- Шотта тұрған ақша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негіздер бойынша және тәртіптен өндіріліп алынған жағдайда;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шот бойынша операциялар жүргізуге тыйым салынған және шектеу қойылған жағдайда, Банк жауап бермейді.

4.2. Салым сомасын және/немесе есептелген сыйақыны уақытылы қайтармаған жағдайда, Банк Салымшыға мерзімінен кешіктірілген әр күн үшін сәйкесінше салым сомасының және/немесе сыйақының 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді. Аталмыш тұрақсыздық айыбы ерекше болып табылады, яғни шығындарды емес, тек тұрақсыздық айыбын ғана өндіріп алуға болады.

4.3. Егер Тараптардың міндеттемелерді орындамауы немесе тиісті дәрежеде орындамауы алдын ала біліп болмайтын дүлей күшті жағдайлардың (форс-мажор) салдары болып табылса, онда Тараптар осы тарауда көзделген Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

3.5.2. не осуществляют выдачу наличным/безналичным способом доверенному лицу в один рабочий день, суммы превышающей эквивалента 700 000 (семьсот тысяч) тенге. Выдача денег превышающей размер вышеуказанной суммы осуществляется не ранее чем на следующий рабочий день Банка.

3.6. Вкладчик несет ответственность за предоставление полномочий по распоряжению деньгами на Счете третьим лицам, при этом Банк не несет ответственности за действия доверенных лиц вкладчика, а также в случаях, если Вкладчик не выполнил условия п. 3.3.1., 3.3.2. настоящих Типовых (примерных) условий.

3.7. Банк не несет ответственности за выдачу по доверенности суммы со Счета уполномоченному представителю Вкладчика в случае смерти Вкладчика, если Банку не было известно об этом факте.

4. ОСОБЫЕ УСЛОВИЯ И ОТВЕТСТВЕННОСТЬ СТОРОН

4.1. Банк не несет ответственность:

- за неосведомленность Вкладчика об изменении ставки вознаграждения, тарифов Банка и Типовых (примерных) условий;

- в случае, если Вкладчик своевременно письменно не уведомил Банк о наступлении случаев указанных в п.п. 2.3.3 настоящих Типовых (примерных) условий;

- в случае, обращения взыскания на деньги, находящиеся на Счете по основаниям и в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан;

- в случае установления запретов и ограничений на проведение операций по Счету в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

4.2. В случае несвоевременного возврата суммы вклада и/или начисленного вознаграждения, Банк уплачивает Вкладчику неустойку в размере 0,01 (одной сотой) % от суммы вклада и/или вознаграждения соответственно за каждый день просрочки. Данная неустойка является исключительной, то есть допускается взыскание только неустойки, но не убытков.

4.3. Стороны освобождаются от ответственности, предусмотренной в настоящей главе за неисполнение или ненадлежащее исполнение обязательств по Договору, если неисполнение или ненадлежащее исполнение явилось следствием непредвиденных обстоятельств непреодолимой силы (форс-мажор).

4.4. Дүлей күшті жағдайлар деп Тараптар осы Шартқа қол қойғанға дейін болмаған, Тараптардың еркінен тыс туындаған және олардың орын алуына және әрекет етуіне Тараптар ешқандай бөгет жасай алмаған, яғни дүлей күшті жағдайларға ұшыраған Тараптан қолданады деп нақты жағдайда әділ талап етуге және күтуге болатын шаралар мен тәсілдердің көмегімен тоқтата алмаған: табиғи және техногендік сипаттағы дүлей апаттарды, көтерілістерді, әскери іс-қимылдарды, коммуналдық қызмет көрсетуші компаниялардың әрекеттерін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Шарттың мәніне тікелей қатысты қызметіне тыйым салатын немесе шектеу қоятын шешімдерін қоса есептегенде, бірақ мұнымен ғана шектеліп қоймайтын сыртқы және төтенше жағдайларды түсінеді.

4.5. Шарттың 4.5-тармағында көрсетілген дүлей күшті жағдайлар туындаған жағдайда, осындай жағдайларға ұшыраған Тарап дүлей күшті жағдайлар орнаған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде оқиғалардың басталған күнін, олардың сипатын көрсете отырып, екінші Тарапқа жазбаша хабарлайды.

4.6. Салым талаптарына сәйкес Салымшының жазбаша өтінішінің негізінде Шот бойынша салым сомасын және/немесе есептелген сыйақыны Салымшы операция жүргізген сәтте Банк белгілеген валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қолма-қолсыз айырбастау жүргізу арқылы Банктің аталмыш бөлімшесінде ашылған басқа шотына аударуға болады.

5. ДАУЛЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ШАРТТАР

5.1. Тараптар арасындағы даулы мәселелер мен келіспеушіліктер келіссөз жүргізу арқылы шешіледі. Тараптар келіспеушіліктер мен даулы мәселелерді келіссөз жүргізу арқылы шеше алмаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен шешіледі.

5.2. Егер осы Үлгі (шамалас) талаптардың және Шарттың бөлімдерінің бірі заңда белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылса, онда бұл дерек бүкіл Шартты және Үлгі (шамалас) талаптарды тұтастай және/немесе оның басқа бір бөліктерін автоматты түрде жарамсыз деп мойындауға негіз болмайды.

4.4. Под обстоятельствами непреодолимой силы Стороны понимают внешние и чрезвычайные события, которые не существовали до подписания настоящего Договора, возникшие помимо воли Сторон, наступлению и действию которых стороны не могли воспрепятствовать с помощью мер и средств, применение которых в конкретной ситуации справедливо требовать и ожидать от стороны, подвергшейся действию непреодолимой силы, включая, но не ограничиваясь: стихийные бедствия природного и техногенного характера, забастовки, военные действия, действия компаний - поставщиков коммунальных услуг, действия и решения государственных органов Республики Казахстан, Национального Банка Республики Казахстан, запрещающие или ограничивающие деятельность, непосредственно относящуюся к предмету Договора.

4.5. В случае возникновения обстоятельств непреодолимой силы, указанных в п. 4.5. Договора, Сторона, для которой возникли такие обстоятельства, в течение 10 (десяти) календарных дней от даты наступления обстоятельств непреодолимой силы в письменной форме уведомляет об этом другую Сторону с указанием даты начала событий и их описанием.

4.6. В соответствии с условиями вклада, на основании письменного заявления Вкладчика, по Счету возможно осуществлять перевод суммы вклада и / или начисленного вознаграждения на другой Счет Вкладчика, открытый в данном подразделении Банка, с проведением безналичной конвертации/ конверсии, по рыночному курсу обмена валют, установленного банком на момент проведения конвертации/ конверсии.

5. ПОРЯДОК РАЗРЕШЕНИЯ СПОРОВ И ПРОЧИЕ УСЛОВИЯ

5.1. Споры и разногласия Сторон решаются путем переговоров. В случае если разногласия и споры не могут быть разрешены Сторонами путем проведения переговоров, они разрешаются в предусмотренном действующим законодательством Республики Казахстан порядке.

5.2. В случае, если одна из частей настоящих Типовых (примерных) условий, и Договора будет в установленном законодательством порядке признана недействительной, то данный факт не влечет автоматического признания недействительными всего Договора, и Типовых (примерных) условий в целом и/или иных его (-их) частей.

5.3. Тараптар Үлгі (шамалас) талаптарға өзгерістер мен толықтыруларды Банк біржақты тәртіппен және осындай өзгерістер мен толықтыруларды (соның ішінде жаңа мазмұндағы Үлгі (шамалас) талаптарды) «Заң» мерзімді баспасөз басылымына, www.bcc.kz мекенжайы бойынша интернет-ресурсқа орналастыру жолымен енгізеді деп келісті. Аталмыш өзгерістер мен толықтырулар «Заң» мерзімді баспасөз басылымына орналастырылған сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар үшін міндетті болып табылады.

5.4. Тараптар Банк атынан қолтаңба ретінде факсимильді құралдарды (қолтаңбаның факсимильді/электрондық көшірмесі), сондай-ақ Банк мөрінің электронды көшірмесін қолданып, Шарт жасауға келіседі.

6. ХАБАРЛАМАЛАР

6.1. Шартта тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шартта көзделген барлық хабарландыруларды жазбаша түрде береді.

6.2. Осы арқылы Тараптар тиісті ақпарат банк филиалдарында/бөлімшелерінде және Банктің веб-сайтында www.bcc.kz электрондық мекенжайы бойынша орналастырылған жағдайда, Банктің жіберген келген кез келген хабарламалары жазбаша түрде ресімделген және Салымшы оны алған деп есептелетініне келіседі және оны растайды.

6.3. Егер хабарламалар:

- алғаны туралы қол қойдырып банктің уәкілетті қызметкеріне тапсырылса;
- курьерлік қызмет немесе пошта қызметі арқылы жіберілсе, Тараптар Салымшының Банкке жіберген кез келген хабарламалары жазбаша түрде ресімделген және Банк оны алған болып есептелетініне келіседі және оны растайды.

6.4. Банк филиалдарында/бөлімшелерінде және Банктің веб-сайтында орналастырылған хабарламалар бойынша – хабарлама орналастырылған күн адресат хабарламаны алған күн болып есептеледі.

6.5. Осы Шарттың 2.3.3. және 3.3.2.-тармағына сәйкес Салымшы Банкке өзінің байланыс деректерінің/ деректемелерінің өзгергені жайлы жазбаша түрде хабарлама жібермесе, Салымшының хабарламаларды алмағаны немесе уақытылы алмағаны үшін Банк жауапкершілікке тартылмайды.

6.6. Хабарламаларды жіберу барысында туындаған кез келген іркілулер және/немесе хабарламаларды жіберу және/немесе алу үшін қолданылатын кез келген жабдықтың ақаулары үшін банк жауапкершілікке тартылмайды.

5.3. Стороны согласились, что изменения и дополнения в Типовые (примерные) условия вносятся Банком в одностороннем порядке путем размещения таких изменений и дополнений (в том числе Типовых (примерных) условий в новой редакции) в периодическом печатном издании «Зан», а также на интернет – ресурсе по адресу www.bcc.kz, вступают в силу и являются обязательными для Сторон с момента размещения в периодическом печатном издании «Зан».

5.4. Стороны согласны с заключением Договора, при использовании в качестве подписи от имени Банка факсимильных средств (факсимильного/электронного копирования подписи), а также электронного копирования печати Банка.

6. УВЕДОМЛЕНИЯ

6.1. Все уведомления, предусмотренные настоящим Договором, составляются Сторонами в письменной форме, за исключением случаев, прямо предусмотренных настоящим Договором.

6.2. Стороны настоящим соглашаются и подтверждают, что любые уведомления от Банка считаются оформленными в письменном виде и полученными Вкладчиком, в случае размещения соответствующей информации в филиалах/подразделениях и на веб-сайте Банка по электронному адресу: www.bcc.kz.

6.3. Стороны настоящим соглашаются и подтверждают, что любые уведомления от Вкладчика Банку считаются оформленными в письменном виде и полученными Банком, когда такие уведомления направляются Вкладчиком Банку одним из следующих способов: вручением уполномоченному работнику Банка под роспись о получении; через курьерскую службу или почтовую службу.

6.4. Датой получения адресатом уведомления считается: для уведомлений, размещенных в филиалах/подразделениях/на веб-сайте Банка, — день размещения уведомления.

6.5. Банк не несет ответственности за неполучение или несвоевременное получение уведомлений Вкладчиком, вызванное изменением контактных данных/реквизитов Вкладчика, о которых Вкладчик письменно не уведомил Банк в соответствии с п. 2.3.3. и 3.3.2 настоящего Договора.

6.6. Банк не несет ответственности за любые сбои при передаче уведомлений и/или за неполадки любого оборудования, при помощи которого должно быть передано и/или получено уведомление.

6.7. Егер шығындардың Банктің ұқыпсыздығының немесе қасақана орындамауының нәтижесінде болғаны дәлелденбеген болса, Хабарламаны жедел байланыс құралдарын қолдану арқылы жіберуге байланысты Салымшы көтеруі мүмкін кез келген шығындар үшін, қоса алғанда, бірақ шектелмей, Салымшының хабарландыруды алмауы/уақытылы алмауы нәтижесінде, үшінші тұлғалардың қаскүнем әрекеттері нәтижесінде туындаған шығындары үшін, банк жауапкершілікке тартылмайды.

6.7. Банк также не несет ответственности за любые убытки, которые может понести Вкладчик в связи с отправкой уведомлений с использованием средств оперативной связи, включая, но не ограничиваясь, убытки Вкладчика, возникшие в результате неполучения/ несвоевременного получения уведомлений Вкладчиком, злоумышленные действия третьих лиц, если только не будет доказано, что такие убытки явились результатом небрежности или умышленного неисполнения Банком своих обязанностей.